

«Санаторий «Сосновый бор»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
110112, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы,
Алтынсарин ауданы, Щербаков ауылы
БСН 020740000662
E-mail: sosnov-bor@mail.ru
www.sosnovyibor.com



Товарищество с ограниченной ответственностью
«Санаторий «Сосновый бор»
110112, Республика Казахстан, Костанайская
область, Алтынсаринский район, п. Щербаково
БИН 020740000662
E-mail: sosnov-bor@mail.ru
www.sosnovyibor.com

БЕКІТЕМІН:

бас директоры

«Сосновый бор» шипажайы» ЖШС

_____ Д.А. Аубакиров
«01» қаңтар 2024 ж.

Шипажайлық-курорттық емдеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған ЖАРИЯ ШАРТ

Осы Шипажайлық-курорттық емдеу бойынша ақылы қызметтер көрсету жария шарты (бұдан әрі - Шарт) қызметтерді ұсыну тәртібін, сондай-ақ «Сосновый бор» шипажайы» ЖШС мен осы Шартты жасасу туралы жария ұсынысты (офертаны) қабылдаған (акцептеген) қызметтерді тұтынушы арасындағы өзара құқықтар мен міндеттерді, өзара қарым-қатынас тәртібін айқындайды.

1. Терминдер және анықтамалар.

Акцент – Тұтынушының Шарттың талаптарын толық және сөзсіз қабылдауы.

Орындаушы – «Сосновый бор» шипажайы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 020740000662, 20.02.2003 ж. №002263 медициналық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін мемлекеттік лицензиясы).

Қызмет көрсетілетін жер - 110112, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, М.Хакімжанова атындағы селолық округі, Щербаково ауылы, «Сосновый бор» шипажайы» ЖШС демалыс базасы.

Оферта – Орындаушының кез келген жеке/заңды тұлғаға жолданған осы Шартта қамтылған талаптарда ақылы қызмет көрсету шартын жасасу жөніндегі жария ұсынысы.

Ресми сайт – Орындаушының www.sosnovyibor.com адресі бойынша орналастырған, Қызметтерді сатып алуға немесе таңдауға және сатып алуға Тапсырыс беруге мүмкіндік беретін ақпараттық ресурс.

Прейскурант – Шипажай әкімшілігі есептеген және бекіткен Қызметтердің құны.

Тұтынушы – Орындаушымен осы Шартты жеке, отбасылық, қызметтік және өзге де қажеттіліктер үшін, онда қамтылған шарттарда жасасқан жеке/заңды тұлға.

Қызмет – тәулік бойы тұру, тамақтану, емделуді қамтитын базалық қызметтер кешені:(қызметтер көлемі осы Шартқа қосымшамен айқындалады).

Қосымша қызметтер – Тұтынушыға қосымша ақыға ұсынылатын қызметтердің базалық кешеніне кірмейтін қызметтер.

2. Жалпы ережелер және Шартты жасау сәті

2.1. www.sosnovyibor.com сайтында және Орындаушының ақпараттық стендінде орналастырылған осы Шарт, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АҚ) 387-бабына сәйкес Орындаушының анықталмаған адамдар тобына бағытталған жария офертасы болып табылады.

2.2. Шарт жасау Тұтынушының оның шарттарына қосылуы арқылы, яғни Шарттың талаптарын қандай да бір бірыңғай жағдайларсыз, алып тастауларсыз және түсіндірмелерсіз толықтай және сөзсіз қабылдауы (акцепт) арқылы жүзеге асырылады.

2.3. Осы офертаның шарттарын толықтай және сөзсіз қабылдау (акцепт) дегеніміз Тұтынушының қызметті брондауды жүзеге асыруы танылады.

Шарт, Тұтынушының Тапсырыстың ақысын төлеу фактісін растайтын құжатты Орындаушы алған сәтте жасалған деп танылады.

2.4. Осы Офертаның акцептін жүргізетін Тұтынушы Тапсырысты ресімдеу сәтінде Ресми сайттың парақшаларында және Орындаушының ақпараттық стендінде орналастырылған Шартта баяндалған барлық шарттарды қабылдайды және олармен келіседі.

2.5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, Шарттың төменде баяндалған талаптары қабылданған және Қызметтердің ақысы төленген жағдайда, осы офертаның акцептін жүргізетін тұлға Тұтынушы, ал Орындаушы мен Тұтынушы бірлесіп — осы Шарттың Тараптары болады.

2.6. Орындаушы Шартқа және Ресми сайттың парақшаларындағы және Орындаушының ақпараттық стендіндегі ақпаратқа өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты, Тұтынушы Тапсырысты ресімдеу сәтінде Шарттың мәтінімен және Ресми сайттың парақшаларында және/немесе Орындаушының ақпараттық стендінде орналастырылған ақпаратпен танысып шығуға міндеттенеді.

2.7. Әрбір Тарап екінші Тарапқа осы Шартты жасасу және орындау үшін қажетті тиісті құқықтар мен ресурстардың жеткілікті көлемінің болуына кепілдік береді.

2.8. Тараптардың міндеттемелері:

2.8.1. Орындаушы Ресми сайттың парақшаларында және Орындаушының ақпараттық стендінде орналастыру арқылы келесі ақпаратты Тұтынушының назарына жеткізуге міндетті: Шипажайда болу ережелері, Қызметтер Прейскуранты және жолдаманың құнына кіретін Қызметтер Тізімі (базалық қызметтер кешені), сондай-ақ ақылы негізде көрсетілетін қосымша қызметтер туралы ақпарат.

2.8.2. Орындаушы Тұтынушыдан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде өзі туралы толық, анық ақпаратты, құжаттарды,

мәліметтерді уақтылы алуға, сондай-ақ келесі жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы:

- Тұтынушы Шипажай әкімшілігінің талаптарын орындамаған жағдайда;
- Шипажайда болу ережесін бұзған жағдайда.

Орындаушы Тұтынушының келтірген залалын (келтірілген зиянды), материалдық залалды өтеуін талап етуге құқылы.

2.8.3. Тұтынушы міндетті:

• Қызметтер көрсеткенге дейін олардың құнының 20%-ын алдын ала төлеуге;

- тіркелген және тұрақты тұратын жері туралы сенімді ақпарат беруге;
- Өртке қарсы, қоғамдық және жеке қауіпсіздік ережелерін сақтауға;
- Шипажайда болу ережелерімен танысуға;

• Орындаушыға осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде толық, анық ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ өзі туралы мәліметтерді уақтылы ұсынуға;

• Орындаушыға келтірілген залалды (келтірілген зиянды), материалдық залалды өтеуге;

• Денсаулық сақтау ұйымы белгіленген тәртіппен растаған және келген күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей берілген шипажайлық-курорттық картасының (немесе амбулаториялық картадан үзінді-көшірменің, эпикриздің немесе денсаулық жағдайы туралы балмалы ақпаратты қамтитын өзге де құжаттың) болуы;

- жеке емделу сызбасын алуға міндетті.

Шипажайлық-курорттық картасы (немесе амбулаториялық картадан үзінді-көшірмесі, эпикриз немесе денсаулық жағдайы туралы балмалы ақпаратты қамтитын өзге де құжат) болмаған жағдайда, Тұтынушы Шипажай базасында ақылы негізде қажетті медициналық тексеруден өте алады.

Мұндай тексеруден бас тартқан және шипажайлық-курорттық картасы (амбулаториялық картадан, эпикризден үзінді-көшірмесі немесе денсаулық жағдайы туралы баламалы ақпаратты қамтитын өзге де құжаты) болмаған жағдайда, шипажайлық-курорттық емдеу бойынша қызмет көрсетілмейді.

2.9. Шипажайлық-курорттық емдеу бойынша базалық қызметтер кешені күнтізбелік бес және одан артық күнге беріледі.

3. Шарттың мәні және қызметтердің бағасы

3.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес, Орындаушы Тұтынушыға шипажайлық-курорттық емдеу жөніндегі қызметтердің базалық кешенін ұсынуға және көрсетуге міндеттенеді, ал Тұтынушы Ресми сайтта және Орындаушының ақпараттық стендтерінде орналастырылған бекітілген көлемі мен құнына сәйкес ұсынылатын қызметтер кешенін қабылдайды және ақысын төлейді.

3.2. Қызметтің құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен қалыптастырылады.

3.3. Тапсырыс ресімделген және Тұтынушы Шартта айқындалған тәртіппен және талаптарда алдын ала немесе толық көлемде төлем жасалған Қызметтің құны өзгертілмейді.

3.4. Орындаушы Тұтынушыға Қызметтерге жеңілдіктер беруге, сондай-ақ бонустар жүйесін орнатуға құқылы.

Жеңілдік түрлері, бонустарды есептеу және беру тәртібі мен шарттары Ресми сайт парақшаларында және Орындаушының ақпараттық стендтерінде көрсетіледі және Орындаушымен біржақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

3.5. Тұтынушының Қызметтер Тізімінде көрсетілген қосымша медициналық қызметтерді (қарсы көрсетілімдер болмаған кезде және Шипажай дәрігерінің тағайындауы бойынша) ақылы негізде Прейскурантта көрсетілген бағалар бойынша сатып алуға құқылы.

4. Тапсырысты рәсімдеу

4.1. Қызметтерге тапсырыстар қабылданбайды:

- заңды өкілдерімен ілесіп келмеген кәмелетке толмаған балаларға (18 жасқа дейін) ;

- өз-өзіне толық қызмет көрсете алатын Тұтынушыларды қоспағанда, ілестіріп алып жүретін адамдары жоқ 80 жастан асқан ересек Тұтынушыларға.

Тұтынушы кез-келген қол жетімді байланыс тәсілдері, сондай-ақ Орындаушыға жеке жүгіну арқылы Қызметтерге тапсырысты рәсімдей алады.

4.2. Тапсырысты рәсімдегеннен кейін, Орындаушы оны өңдейді (қажет болған жағдайда, Тапсырыстағы ақпаратты нақтылау және Тапсырыстың дұрыс ресімделгенін тексеру мақсатында Тұтынушымен келіседі) және Тапсырысты (Тұтынушының талабы бойынша) Тұтынушыға байланыстың кез келген қолжетімді тәсілімен берілген «Бронды растау» құжаты түрінде растайды.

Екі жағдайда да Орындаушы Тұтынушы келген кезде ақысы төленген Жолдаманың дұрыстығы мен негізділігін тексеруге, ал қажет болған жағдайда оның құнын қайта есептеуге міндетті.

4.3. Орындаушының Ресми сайтында, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда ұсынылған барлық ақпараттық материалдар анықтамалық сипатта болады және Қызметтердің белгілі бір қасиеттері мен сипаттамалары туралы толық сенімді ақпарат бере алмайды және Тұтынушының жеке физиологиялық ерекшеліктерін ескермейді.

Тапсырысты рәсімдеудің алдында Тұтынушы Қызметтердің қасиеттері мен сипаттамаларына қатысты мәселелер бойынша Орындаушыдан кеңес алу үшін кез келген қолжетімді тәсілмен жүгінуі тиіс.

4.4. Шипажайдың ресми сайтынан басқа жерлерде, Қызметтерге, оның ішінде бағаларға, фотосуреттерге және сипаттамаларға сәйкес келмейтін кез-келген ақпаратты жариялау техникалық қателік деп танылады.

4.5. Тапсырысты рәсімдеу кезінде Тұтынушы өзі туралы және ол арнап Қызмет сатып алып жатқан тұлғалар туралы келесі ақпаратты ұсынады (және ол болған кезде Орындаушыда растайды):

1. Тегі, аты, әкесінің аты.

2. Туған күні.
3. Байланысу телефонының нөмірі.
4. Өзге қажетті ақпарат.

4.6. Тұтынушы келісімін береді және Орындаушыға Шарттың талаптарын орындау мақсатында, тіркеу (Тапсырысты ресімдеу) кезінде көрсетілген өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға рұқсатын береді.

4.7. Орындаушы, мұндай деректерді беру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, Тапсырысты орындауға қатысы жоқ тұлғаларға Тұтынушының дербес деректерін хабарламауға міндеттенеді.

4.8. Тұтынушы тіркеу, Тапсырысты ресімдеу кезінде берілген ақпараттың мазмұны мен дұрыстығына дербес жауапты болады.

4.9. Тапсырыстың ақысын төлеу арқылы Тұтынушы Тапсырысты ресімдегенге дейін оған сатып алынатын Қызметтер туралы, сондай-ақ Орындаушы көрсететін ілеспе қызметтер туралы барлық қажетті және шынайы ақпарат берілгенін және өзінің Ресми сайттың парақшаларында немесе Орындаушының ақпараттық стендтерінде, оның ішінде төмендегілерді қамтитын ақпаратпен толық танысып шыққанын растайды:

- Орындаушының атауы (фирмалық атауы), оның орналасқан жері, жұмыс режимі;
- Қызметтердің атауы;
- Өртке қарсы және жеке қауіпсіздік ережелері;
- Шипажайда болу ережелері;
- Тапсырысты ресімдеу мерзімдері мен шарттары, бағасы, төлем жасау және Қызмет көрсету шарттары туралы мәліметтер.

5. Тапсырыстың ақысын төлеу және есеп айырысу тәртібі

5.1. Тұтынушының Тапсырыстың ақысын төлеуі Орындаушыға ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару арқылы, немесе Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес Орындаушының кассасына қолма-қол ақша қаражатын төлеу арқылы жүргізіледі.

Тұтынушының Тапсырыстың ақысын төлеуі кез келген қолжетімді тәсілмен, теңгеде жүргізіледі.

Төлем күні Орындаушының есеп шотына ақша қаражатының түскен күні немесе Орындаушының кассасына қолма-қол ақша қаражатының төленген күні болып есептеледі.

Тұтынушы алдын ала төлемді ішінара көлемде төлеген жағдайда, Жолдама құнының қалған бөлігі қол жетімді төлем әдістерін пайдалана отырып, келген күні төленеді.

Бір баға кезеңінен екіншісіне өтпелі келу мерзімі бар Жолдаманың құнын есептеу Тұтынушы келген күнгі қолданылатын Прейскурантқа сәйкес жүргізіледі.

5.2. Белгіленген мерзімде Тапсырыстың ақысы төленбеген жағдайда, тапсырыстың күші жойылады. Егер Тұтынушы алдын ала төлемді белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін төлеген болса, онда оның жазбаша түрде

рәсімделген қалауы бойынша (оның ішінде Интернет желісі арқылы электрондық түрде), бұл ақшалай қаражат Тұтынушыға қате аударылған ретінде қайтарылады, немесе Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес рәсімделген Тұтынушының болашақ Тапсырысының есебіне аванстық төлем (алдын ала төлем) түрінде қабылдайды.

5.3. Егер Шартта өзгеше белгіленбесе, Тұтынушыдан келіп түскен, ақысы толық төленген Жолдаманы қайтару және Тапсырысты жою кезінде ақшалай қаражатты қайтару 20% шегеріммен жүзеге асырылады (мәжбүрлік бос тұру).

5.3.1. Құжатпен расталған дәлелді себеппен (ауру, жақын туыстарының қайтыс болуы) Тұтынушының келуі мүмкін болмаған жағдайда (жолдаманың құны толықтай төленген кезде) Шипажайда болу күні және (немесе) мерзімі, бос орындар болған кезде Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі (ауыстырылуы) мүмкін немесе төленген соманың 20%-ын шегере отырып қайтарылады.

5.3.2. Тұтынушыдан келіп түскен 20% мөлшерінде алдын ала төлем жасалған (2.8.3-тармаққа сәйкес) Жолдамадан бас тартқан және Тапсырыстың күшін жойған кезде ақша қаражаты қайтарылмайды (мәжбүрлік бос тұру).

Бір баға кезеңінен екіншісіне өтпелі келу мерзімі бар Жолдаманың құнын өзгерту (ауыстыру) кезінде Тұтынушы келген күнгі қолданылатын баға Прейскурантына сәйкес құнын қайта есептеу жүргізіледі.

Келгеннен кейін Тұтынушының бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, ақша қаражаты 20% шегеріммен қайтарылады.

5.4. Барлық жағдайларда ақшалай қаражатты қайтару Тұтынушының жазбаша өтінішінің негізінде жүргізіледі:

- өзі көрсеткен есеп айырысу шотына немесе төлем жасалған банк картасына қолма-қол ақшасыз қаражат аудару арқылы;
- Орындаушының кассасынан қолма-қол ақша алу арқылы.

6. Қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттары

6.1. Қызметтер Тұтынушы ақысын толық төлегеннен кейін ғана ұсынылады.

6.2. Қызметтердің ақысын төлеуден толық көлемде немесе олардың қандай да бір бөлігінде бас тартылған жағдайда, сондай-ақ төлем туралы ақпарат болмаған жағдайда, Орындаушы Тұтынушыға Қызметтер көрсетпейді.

6.3. Орындаушының шипажайында келесі есептік уақыт белгіленген:

- кіру – сағат 12:00-ден бастап;
- шығу – сағат 11:00-ге дейін.

Тұтынушы жайғасқан күні, есепті сағаттан кейін ақысы төленген, бірақ қолданылмаған Қызметтердің ақшасы қайтарылмайды. Тұтынушы шығатын күні, есепті сағатқа дейін ақысы төленген, бірақ қолданылмаған Қызметтердің ақшасы қайтарылмайды.

1 тәуліктен артық кешіккен жағдайда Өтінім күшін жояды және Орындаушыда болған жағдайда, бос нөмірлерге орналастырылады (егер жайлылығы төмен бөлме болса, онда айырмашылығы өтемейді, ал жайлылығы жоғары болса – үстеме ақысы төленген жағдайда).

6.4. Жолдаманың құнына кірмейтін, ақылы негізде көрсетілетін қосымша медициналық Қызметтер, сондай-ақ диагностикалық зерттеулер тек маман дәрігерлердің қосымша ақыға қарап, тексеруінен кейін ғана жүргізіледі.

Жолдаманың құнына кіретін, Тұтынушының кінәсінен пайдаланылмаған немесе оған көрсетілмеген медициналық Қызметтердің құны, сондай-ақ дәрігердің тағайындаулары орындалмаған жағдайда, Тұтынушыға өтелмейді.

Орындаушы, Қызметтердің жалпы құрылымын сақтай отырып, Жолдаманың құнына кіретін медициналық Қызметтерге өзгерістер енгізуге, оның ішінде оларды баламасына ауыстыруға құқылы. Бұл жағдайда ешқандай өтемақы қарастырылмаған.

6.5. Тұтынушы Шипажайға келгеннен кейін, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын, шипажайлық-курорттық картасын, эпикризді, кіру күніне дейін 10 күннен кешіктірмейтін мерзімде денсаулық жағдайы туралы баламалы ақпаратты қамтитын, белгіленген тәртіппен куәландырылған өзге де құжатты (2.8.3-т.) ұсынуға міндетті, ол болмаған кезде емдеу тексеруден кейін ақылы негізде тағайындалады.

6.6. Орындаушы Шартты келесі жағдайларда бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы:

- Тұтынушының Өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін және Шипажай әкімшілігінің талаптарын бұзуы;

- Шипажайда болу ережелерін өрескел сақтамау, мұндай жағдайларда Жолдаманың аяқталғанға дейінгі қалған күндерінің құны Тұтынушыға өтелмейді.

Болу ережелерін бұзу Шипажайдың лауазымды тұлғаларының тиісті актіні жасау жолымен тіркеледі.

6.7. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікті тартады.

6.7.1. Орындаушы мыналар үшін жауапкершілік тартады:

- Тұтынушының жеке заттары жоғалған немесе ұрланған жағдайда;
- Тұтынушыға өз кінәсінен, абайыздығынан денсаулығына келтірілуі мүмкін зиян, залал.

6.7.2. Орындаушының мүлкі жоғалған немесе бүлінген, Орындаушыға залал (келтірілген зиян), материалдық залал келтірілген жағдайда Тұтынушы осыған байланысты келтірілген залалды осындай мүліктің құны не келтірілген зиян мөлшерінде өтейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де бұзушылықтар үшін жауапты болады.

6.7.3. Орындаушының есеп шотына ақшалай қаражат түспеген жағдайда Қызмет көрсетілмейді және Орындаушының тарапынан шартты орындамағаны үшін жауапкершілік алынып тасталады.

6.7.4. Орындаушының үй-жайларында темекі шегуге тыйым салынады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұлтартпауға жатады.

6.8. Тараптардың осы Шарттың ережелерімен реттелмеген немесе толық реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес реттеледі.

6.9 Тиісті түрде ресімделген жолдаманы үшінші тұлғаларға берілмейді (оның ішінде туыстық қатынастар белгісі бойынша) және екі және одан да көп адамға бөлінбейді.

7. Форс-мажор жағдайлары

7.1. Тараптар форс-мажорлық жағдайларға байланысты Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапты болмайды.

7.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары немесе күтпеген өндірістік және өзге де себептер (нөмірлік қорды авариялық жөндеу және т.б.) жағдайында Орындаушы Тұтынушыны басқа нөмірге ауыстыруды (орнын ауыстыруды), оның ішінде Жолдаманың құнын өзгертпестен нөмірдің санатын өзгерте отырып жүзеге асыруға құқылы.

8. Орындаушының деректемелері

«Сосновый бор» шипажайы» ЖШС

пошталық индексі: 110112

мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы

Алтынсарин ауданы, М.Хәкімжанов атындағы селолық округі

Щербаков ауылы, «Сосновый бор» шипажайы» демалыс базасы.

БСН 020740000662

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

KZ746010221000020192,

БСК HSBKKZKX

«ForteBank» АҚ

ЖСК KZ1996513F0007985353

БСК IRTYKZKA